

FTAMP 14.01.01

Д.А.Толегенова¹, Ж.Мамбетов²

^{1,2}С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең, Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫ ОТАНШЫЛДЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҚАЗАҚ БАТЫРЛАР ЖЫРЫНЫҢ РӨЛІ.

Аңдатпа. Бұл мақалада оқушыларды отаншылдық рухта тәрбиелеудегі қазақ батырлар жырының маңызы туралы сөз қозғалған. Автор батырлар жырының балалар тәрбиесіндегі ерекше қызметі жайлы сөз қозғай келіп, жалпы білім беретін орта мектепте батырлар жырын оқыту әдістеріне тоқталған. Үш және бесінші сыныптарда оқытылатын «Қобыланды батыр» жыры балалардың бойына ерлік, қамқорлық, ептілік сияқты қасиеттерді дарытатын құндылықтар екеніне баса назар аударған.

Кілт сөздер: Батырлар жыры, «Қобыланды батыр» жыры, Отаншылдық, ерлік.

Abstract. This article discusses the importance of the Kazakh batyrs poem in educating students in the spirit of patriotism. The author spoke about the special function of batyrs in the upbringing of children, focused on the methods of teaching batyrs in general education schools. The poem "Koblandy batyr", taught in the third and fifth grades, emphasizes the values that instill in children such qualities as courage, care, and dexterity.

Keywords: batyrlar zhyry, koblandy batyr zhyry, patriotism, heroic deed.

Аннотация. В данной статье речь идет о значении казахских батырах, их воспитание в духе патриотизма. В воспитании учащихся автор рассказывает об особой деятельности батыров. В 3-5 классах учащиеся проходят по программе «Кобыланды батыр», и на основе этого прививают учащимся быть мужественными, заботливыми, умелыми, быть ловкими.

Ключевые слова: Батыр жыры, Кобланды батыр жыры, патриотизм, мужество.

Ауыз әдебиетінің ең құнды мұраларының бірі – батырлар жыры. Батырлар жырынан халқымыздың ғасырлар бойғы келбеті мен шежіресін, бастарынан өткізген алуан жағдайларды, сол қиын кездерде тапқан ақыл-

айлаларын аңғарамыз. Қазақ халқында «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» т.б. жырлары бар. Батырлар жырындағы негізгі кейіпкер елін, жерін сүйген ержүрек батыр, ал басты қаһарманның негізгі мұраты - Отанын басқыншы жаудан қорғау.

Эпостық жырлардың оқиғасы қызық, мазмұны терең, тілі көркем болады, эмоциялық әсермен тыңдаушының ынтасын арттырып шаттандырса, жырдағы кейіпкерлер қайтпас ержүрек, жауына қатал, өз еліне мейірімді, намысты, ұстамды, өнегелі адамдар болып суреттеледі. Жыр мазмұны Ер Тарғын, Қобыланды, Алпамыстай батырлардың бойындағы ізгі қасиеттерді ұрпақтарына үлгі етеді.

В.Г.Белинский жас ұрпаққа асыл қазыналарымызды төл тарихымыз арқылы таныстыру аса маңызды екенін атап өткен [1,186]. Ендеше батырлар жырын оқу арқылы оқушылардың рухани дүниесі байып, туған тілін, елін құрметтеуге, қорғауға деген сезімі қалыптасады. Ал батырлар жырын оқытудағы басты мақсат – оқушыларды халық даналығы, халық ауыз әдебиетімен сусындату, батырлардың ерлігінен үлгі алуға, отансүйгіштік, адамгершілік, парасаттылыққа тәрбиелеу болып табылады. Байқап қарасақ, батырлар жырында ұлттық тәрбиенің бірнеше түрлері кездеседі. Атап айтсақ, дене шынықтыру, ақыл-ой тәрбиесі, эстетикалық тәрбие, отансүйгіштік тәрбие, еңбек тәрбиесі. Міне, батырлар жырындағы негізгі оқиғалардың арқауы да осы тәрбиелік мақсаттармен үндесіп жатады [7].

Эпостық шығармада дене шынықтыру тәрбиесі бірінші кезекке қойылып атқа шабу, мергендік, қылыш шабу шеберлігі жан-жақты суреттеледі.

«Өзі алты жасында

Кәмшат бөркі басында...

Қобыландыны барған соң,

Естеміс ерің баулыды,

Күнде киік аулайды,

Кездесе жауын жаулайды» [2]- деген жолдардан батырдың алты жасынан атта шабуға, мергендікке үйрене бастағанын аңғаруға болады. Батырлар жырын тыңдап өскен балалар мейірбандық пен зұлымдықты, жақсылық пен жамандықты көз алдына елестетеді, шығарманың идеясын түсініп, ой-өрісі дамиды.

Эпостық жырларда оқиға еселеп, қайталап айтылады. Содан болар оқиға желісі есте тез сақталады. Батырлар жырындағы көркемдегіш құралдар (теңеулер мен тұрақты эпитеттер) балалардың санасына ерекше әсер етеді. Батырлар жырының көркемдігімен қатар тілі айқын да жеңіл болып келеді. Сондықтан да «Қобыланды батыр» жырын ересектермен қатар балалардың оқуына да жеңіл шығарма деп бағалауға болады. Жалпы білім беретін орта мектеп бағдарламасында Қобыланды батыр жыры үш және бесінші сыныптарда оқытылады. Бұл жыр балалардың жас ерекшелігіне лайықты жырлардың бірі. Үшінші сыныпта «Қобыланды батыр» жырына

бір сағат бөлінген. Бастауыш сыныптарда батырлар жырын оқыту және толыққанды меңгеруі үшін жасалынатын жұмыстарды төмендегіше жіктеп алсақ болады:

1. Балалардың батырлар жырын қабылдауы
2. Эпостық жырлардан әсер алуы және бүкіл бітім-болмысымен түсіне оқуы.

Сонымен оқушының көлемі ұзақ көркем туындыны оқуда ынтасын, зейінін, қабылдау белсенділігін арттыруда көркемдеп оқу әдісін пайдалану өте тиімді. Батырлар жырын оқытуда ең алғаш: жырды толық оқу, оны нақышына келтіре оқу, дауыс ырғағы мен кідіріске көңіл бөлу мәселелерін ескерген жөн. Сонымен қатар басты кейіпкерлерін, оқиғаларын есте тұту үшін арнайы дәптерге жазып алудың қажеті зор. Әрі оқып отырған шығарманың жанрлық сипатын анықтау, ол ұрпаққа бабадан қалған асыл мұра екенін ескеру қажет. Сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларына жыр идеясы мен тақырыбын айқындату, яғни жырдың айтпақ ойы мен үлгі етпек мәселелерін қозғап отыру баланың шығармадағы негізгі түйінді өзбетінше тұжырымдай алуға мүмкіндік береді. Осы орайда бастауыш сынып оқушыларынан батырлар жырының ой сезіміне тигізген әсерін айқындау мақсатында, баладан қандай үлгі-өнеге алғанын сұрап отыру өте маңызды.

Бесінші сыныпта аталған жырға алты сағат берілген. Онда бастауыш сыныпта танысқан Қобыланды батыр жыры туралы білімін ары қарай толықтырады. Бағдарлама негізінде ұсынылған оқу мақсаттары бойынша қысқа мерзімді жоспар жасалынады. Бірінші сабақта Қобыланды батыр жырының мазмұнына жалпы тоқталып өтеді. Сонымен бірге оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, батырлар жырын әдеби-теориялық тұрғыдан түсіндіру. «Ой қозғау», «Хикаялар картасы» әдісімен жырдың сюжетті-композициялық жоспарын ұсынуға болады: 1)Қобыландының туылуы. 2)Қобыландының ең алғашқы күресі. 3)Қобыландының тұлпары - Тайбурыл. 4)Тайбурылдың шабысы. 5) Қобыланды және қазақ хандығы. 6) Қобыландының тұтқынға түсуі. 7) Көбіктінің жеңілісі. 8) Алшағыр ханның сарайында. 9)Қобыландының Құртқа қызға үйленуі. 10) Қобыланды батырдың ұлы.

Екінші сабақта жырдағы кейіпкерлер бейнесіне тоқталамыз.

Жыр кейіпкерлері туралы пікірлер жинақтатудың да баланың ізденімпаздығына қосар үлесі мол. Мәселен, жыр кейіпкеріне толық образдық талдау жасау барысында оқушыларға Қобыландының ерекше қасиеттерін ататқызу сынды практикалық жұмыстарды сұрақ – жауап, «Ыстық орындық» әдісі арқылы жүзелеуге болады. Балаларға Қобыланды бейнесін талдатқыза отырып, халық арманы мен ұлт мұратын, ел мүддесін айқындатуға болады. Мысалы,

1. Қобыландының бойындағы ерекше қасиеттерін ата

2. Жырдағы Қобыланды батыр бейнесін жасау арқылы халықтың айтпағы не?
3. Кейіпкерлер іс-әрекетін ашуда қолданылатын портрет және суреттеулерді тауып, маңызына тоқталу.
4. Сөздік жұмысын жүргізу [5.134].

Үшінші сабақта жырдағы әйелдер бейнесі, яғни шығармадағы кейіпкерлер портретімен іс-әрекеті арқылы әйелдер образын ашу.

Батырлық жырларында елін, жерін қорғаған батырлармен бірге олардың анасы мен жұбайлары да үлгі етіп көрсетілген. Олар батырларды намысы мен жігеріне дем беруші, жорыққа дайындаушы, қамқоршысы ретінде бейнеленеді.

Батырлардың ақ жаулықты аналарын ардақ тұтып, перзенттік парызын бір сәтке де есінен шығармауы және өмірлік жарын таңдау, жарына деген қамқорлық және оны қорғау үшін жанын құрбан ету сынды қасиеттер жырдың өне бойында айтылып отырады. Ал дәл осылай тәрбиеленген ұландар туған жері үшін отқа түсуден тайынбайтын батыр болып өседі. Сондықтан да баланың бойында ізгі қасиеттерді қалыптастыруда батырлар жырының рөлі орасан.

«Қобыланды батыр» жырында Құртқа бейнесі сабырлы, ақылды, көреген болып суреттеледі. Ол үнемі батырға ақыл қосып отырады. Тайбурылды жорыққа дайындайды, міне осының барлығы батырдың қиындықтарды жеңуіне себін тигізеді:

Күн түсірмей көзіне,
Жел тигізбей өзіне,
Үстіне шатыр тіккізді,
Не керегін жеткізді.
Қулықтың сүтін емізді,
Қызыл дәріні жегізді.
Түндікпенен күн берді,
Түтікпенен нәр берді.

Қазақ қыздарының өмірлік жарына деген мұндай адал қызметін Ақжүніс пен Гүлбаршын, Назымдардың да басынан көруге болады. Мұны ұрпақты ерлікке тәрбиелеудің тағылымдық үлгісінің бірегейі десе артық емес. Осы секілді шумақтардан талай рухани құндылықтардың түпкі негізі батырлар жырында жатқанын дәлелдеуге болады. Атап айтсақ, досқа адалдық, ерлік, Отансүйгіштік, жауға деген қаһар, сүйікті жарына деген махаббат, өзін қоршаған әлемге деген құрмет, бәрі-бәрі қамтылған.

Төртінші сабақта қазақ эпостарында ердің қанатына айналған тұлпарлар бейнесі сөз болады. Қазақ халқы ежелден жылқы малының қасиетті, құтты жануар, қала барді «ер қанаты» екенін жете түсінген. Кішкентайынан естіп өскен батырлар жырындағы тұлпарлар бейнесі баланың бойында сәйгүліктерге деген ерекше ынтызарлықты оятады. Жыршылар Тайбурыл бейнесін кербиенің ішінде жатқан кезінен-ақ бастаған, жырда тұлпар

болашақта батырға жолдас болатыны белгілі болады. Кейін Құртқадай дана әйелден тәрбие алып өскен Тайбурыл Қобыландыға жаугершілікте адал жолдас болады. Батырмен бірге елін қорғауға жорыққа шығады. Халық Қобыланды мен Тайбурылды бір-бірін түсінетін жолдас қылып сипаттайды [3,76]

Тайбурылдың батырлар жырындағы тұлпарлардан ерекшелігі, адам тілінде сөйлеп, түсінетіндігінде және жүйріктігінде. Тайбурылдың жүйріктігін жырда төмендегіше суреттеген. Қобыланды: «Шырағым, бурыл шу!»-дегенде

«Құбылып бурыл гүледі,
Табаны жерге тимеді,
Тау мен тасты өрледі.
Төрт аяқты сермеді,
Құлақтың түбі терледі,
Тер шыққан соң өрледі,
Адырды көзі көрмеді,
Көлденен жатқан көк тасты,
Тіктеп тиген тұяғы,
Саз балшықтай иледі» [4.49].

Батырлар жырындағы «Тайбурылдың шабысы» жолдары аса шеберлікпен суреттелген, әсірелеу түрінде жырланған. Сонымен бірге «Тайбурылдың шабысында» халықтың арман-тілегі, сенгір-сенгір таулардан бір-ақ қарғып өтетін, алысты жақындататын көлікті аңсаған халық қиялы көрінеді [3,78].

Батырлар жырын сыныпта тұтас оқытуға уақыт жетпейді. Сондықтан мұғалім мәнерлеп оқуға лайықты үзінділерді белгілеп алады. «Қобыланды батыр» жырындағы жатқа айтуға, оқытуға да лайықты үзінді – «Тайбурылдың шабысы». Мұнда Тайбурылдың шабысы бірден-бірге үдей түседі. Алдыңғы суреттеуден кейінгі суреттеу ерекше үдемелі түрде суреттеледі. Сондықтан мұндай үзіндіні оқу қызық та әрі жеңіл. Сол сияқты Қобыланды батырдың Қазанға аттанарда оның қарындасы Қарлығаштың анасы Аналықтың, сүйген жары Құртқаның батырмен қоштасуы мәнерлеп оқуға лайықты үзінділер.

Бесінші сабақта эпикалық шығармадан үзінділерді мәнерлеп оқу және жатқа айту, жырды күйтабақтан тыңдатып, жырдың оқылу мәнерімен таныстыру практикалық тұрғыдан тиімді. Жырды мәнерлей, нақышына келтіріп оқу, жырдағы оқиғаны басты эпизодтарға бөліп оқып, мазмұндату оқушылардың жыр мазмұнын есте сақтауына мүмкіндік береді.

Жырды толық оқып біткеннен кейін, оқушыларға жыр мазмұнын айтқызу қажет. Сондай-ақ, «Қобыланды батыр» мультфильмі көрсетіліп, оқулықтағы үзіндімен салыстырылады. Осы орайда үйге тапсырма бергенде, өз жауаптарының тезисін, қысқаша жоспар құрғызудың әдістемелік тиімділігі орасан. Бастауыш сынып оқушысына көлемді

жырдың мазмұнын толық айту қиындық тудыраы анық. Сондықтан оқушының жыр мазмұнын жүйелі баяндауда өздері әзірлеген жоспарға сүйенуі құптарлық іс. Балалардың зейінін қабілетін арттыру мақсатында оқушылар жауабын бір – біріне толықтырып отырғызудың пайдасы да анық аңғарылып, ол әдістемелік тұрғыдан зерттелген тәсіл болып табылмақ. Сондай-ақ, оқушылардың жыр мазмұнын толық меңгергенін айқындау орайында әрі балалардың мазмұны терең де жүйелі сұрақ бере білу дағдысын қалыптастыру бағытында алдын – ала жыр бойынша сауал даярлату қажеттілігі туындайды. Сонымен қатар баланың поэзияға құштарлығын арттыру, мәнерлеп оқу шеберлігін шыңдауда жырдан бала сезімін селт еткізген эпизодтарынан үзінді жаттату орынды әрекет. Ал, бала қабілеті мен қабылдау деңгейіне орай жырды халық нақылы, дана сөзі болған мақал - мәтелдермен қорытындылату оқушылардың өзіндік көзқарасы мен пікірін қалыптастыруда үлкен мүмкіндіктерге жол ашары сөзсіз.

«Қобыланды батыр» жырын оқытқанда өткен күннің сарқыты емес, бүгінгі күнмен үндесу жағына назар аудару керек. Жырдағы салмақты ой түйіні жастарға ұн қатады.

Алтыншы сабақта кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалайды. Оқушылар жырдағы өздері таңдаған кейіпкердің бойындағы жағымды және жағымсыз қасиеттерін шығармадан үзінді келтіре отырып топтастырады. Сонымен қатар оқушы өзіне ұнаған кейіпкердің бойындағы табылатын қасиеттерді бүгінгі адамдармен салыстырады. Жоғары деңгей дағдылары тапсырмаларын төмендегіше құрастыруға болады. Жырдағы Қобыланды, Құртқа, Қараманның портреті мен іс-әрекетін талдау; Өзінің пікірін айта отырып, кейіпкерлердің іс-әрекетін шынайы өмірмен салыстыра сипаттау; Кейіпкердің портреті (жыр бойынша), іс-әрекеті (жыр бойынша), ХХІ ғасырда... (қазіргі өмірге сай пікірі)[7].

Батырлар жырын мектепте оқыту өте маңызды. Себебі, өскелең ұрпақ батырлар жыры арқылы өз елінің тарихына үнілумен қатар, туып өскен жерін сүюге, құрметтеуге, Отанының әрбір тасын көзінің қарашығындай қорғауға тәрбиеленеді. Сондықтан еліміздің болашақ иелерін тәрбиелеуде батырлар жырын оқыту қайта қолға алынуы, қайта жаңғыртылуы тиіс. Әдебиетші ғалым Ә.Қоңыратбаев халық қиялымен жасалған «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Алпамыс батыр» жырында елді, жерді сыртқы жаулардан қорғау идеясы үстем екенін атап көрсеткен [8,127]. Шындығында аумалы-төкпелі уақытта балалардың бойына патриоттық сезімін сіндіріп, адалдықты, ақылдылық пен парасаттылықты өмір бойы ту қылып ұстайтын ұрпақ тәрбиелеу үшін жоғарыда аталған батырлар жыры мектептің оқу бағдарламаларына кіріктіріліп оқытылса, нұр үстіне нұр болар еді. Сондай-ақ, осыдан санаулы жылдар бұрын қолға алынған тамаша бастама «Тұлпар мініп, ту алған» Қобыланды батыр жырын жатқа оқу телевизиялық жобасы өз

жалғасын тапса, халқымыздың асыл мұраларын жатқа оқитын оқушылар саны артып, жас өрен бойында елге, жерге деген сезімін қалыптастыруға, отаншылдық рухта тәрбиелеуге мүмкіндік туатыны сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1 Белинский В.Г. Шығармалардың толық жинағы. 5-том.
- 2 Қазақ ауыз әдебиеті «Қобланды батыр» <https://bilim-all.kz/olen/4899-Qoblandy-batyr>
- 3 Мәлік Ғабдуллиннің еңбектерінің он бір томдық жинағы Алматы. 2018 V «Қазақ халқының батырлық жыры» 424 б.
- 4 «Қобыланды батыр» ҚазССР Ғылым академиясының баспасы, 1957ж.
- 5 Әдебиетті оқыту әдістемесі Қ.Бітібаева Алматы «Рауан» 1997 жыл 288 б.
- 6 Ербол Жанат: Батырлар жыры балаларға не береді? https://massaget.kz/okushyilarga/mektep_omiri/34227/
- 7 Ә.Қоңыратбаев «Қазақ фольклорының тарихы» Алматы, «Ана тілі» 1991 ж, 279б.